1. Қызметті алу алгоритмі туралы ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қызметті алу үшін бейне нұсқаулықтарды қарау мүмкіндігін жасау;
2. Қызметті алу барысында сұралуы мүмкін қосымша құжаттарды құрылымдау;
3. Құжаттарды порталға бекітпеу үшін әскери комиссариаттармен жүйені автоматтандыру

3.25. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 3102003 Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық департаменттері.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 209 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20668 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: қағаз жеткізгіштегі «апостиль» мөртабаны бар дайын құжаттарды беру немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке тұлғалар.


Құны: 0,5 АЕК.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында мынадай нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 678 респондентті қамтыды. Оның ішінде 49,7% - ерлер және 50,3% - әйелдер. Көрсетілетін қызметті алушылардың неғұрлым маңызды жас топтары - 30-39 жас (55,3%) және 18-29 жастағы (28,7%) азаматтар.

32-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Қызметті алған респонденттердің жалпы санының 100% - жеке тұлғалар болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі қызметті алу үшін Электрондық үкімет порталын (78,5%), респонденттердің 21,5% - ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын пайдаланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (мемлекеттік органдар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет», «Электрондық лицензиялау» порталдары) **81,8% және бағалаудың орташа мәні 4,81 ұпайды** құрады.

59-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҮЙГҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,82	83,2%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,84	84,5%
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,75	75,9%
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	4,76	77,9%
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,75	77,0%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,72	78,9%
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,62	67,6%
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	4,64	67,4%
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,65	68,1%
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	4,80	80,3%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,78	79,7%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,71	71,3%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды	4,73	73,4%

	порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті				
МЕРЗІМДЕР	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,86	4,86	87,8%	87,8%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы				
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы	4,78	4,77	79,5%	77,4%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,73		73,3%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,78		78,4%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,78		78,4%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,97	4,97	97,1%	97,1%
	ОРТАША ҰПАЙ		4,81		81,8%
	Уәкілетті мемлекеттік орган		4,81		82,1%
	«Электрондық үкімет» порталы		4,73		74,2%

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторландырудың **қолжетімділігі мен ыңғайлылығын**, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар ЭЦҚ кілттің пайдалануын 4,79 ұпайға бағалады, бұл ретте қанағаттану деңгейі 80,4% - құрады. Бұл ретте респонденттер порталдың (Ақмола облысы) нашар жүктелгені туралы атап өтті.

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 балдан 4,68 балға бағаланды, қанағаттану деңгейі 71,8% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың алдында тұрған негізгі проблемалар (Алматы, Жетісу, Ақтөбе, Қостанай және Абай облыстары) қызмет туралы ақпаратты іздеудің қиындықтарымен байланысты.

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,76 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 76,2% құрады.

Мемлекеттік қызметті көрсету **мерзімі** 4,86 ұпайға бағаланды, бұл ретте қанағаттану деңгейі 87,8% құрады. Мәселелердің ішінде «Қызмет ұзақ мерзімде көрсетіледі» (Ақмола облысы), «Ұзақ күтуге тура келді» (Алматы қ.) деген пікірлер бар.

Көрсетілетін қызметті алушылар **виртуалды көмекшіге** жүгінбеді.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындар** қанағаттану деңгейі 77,4% болған кезде 4,77 ұпайға бағаланды.

Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі алынған қызметтің **нәтижесін** оң бағалады – 97,1% (4,97 ұпай).

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 82,1%, орташа ұпай - 4,81 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 74,2%, орташа ұпай - 4,73 ұпай.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Осылайша, қызмет алушылардың қанағаттанушылығының төмен мәндері респонденттердің қызмет туралы ақпараттың қолжетімділігіне, қызмет көрсету мерзімдеріне, сондай-ақ қызметті алу үшін қажетті шығындарға қанағаттанбауына байланысты.

Осыған байланысты көрсетілетін қызметті алушылардан сұрау салу нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға және «Электрондық үкімет» порталына** мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мынадай шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Қызметті алу алгоритмі туралы ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қызметті алу үшін оқулықтарды немесе бейне нұсқаулықтарды жүктеу мүмкіндігін жасау;
2. Апостиль қойылған құжаттарды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыларға жеке қатысу қажеттілігі туралы ескерту;
3. Көрсетілетін қызмет бойынша уақтылы құзыретті кері байланыс ұсыну үшін қызметкерлерді оқытуды жүргізу;
4. Құжаттардың түпнұсқалығын растау қажеттілігін болдырмау үшін Ұлттық білім беру деректер базасының деректерін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының деректер базасымен синхрондау.

Уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады:

1. Көрсетілетін қызмет үшін төлем мөлшерін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
2. Қолда бар дерекқорларды (мысалы, ҰБДҚ) синхрондау арқылы қызметті автоматтандыру мүмкіндігін қарастыру.

3.26. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 803004 Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Оқу-ағарту министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің, 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 33219 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: білім туралы жария етілген немесе апостильденген құжаттарды тану: портал арқылы - 15 жұмыс күні, Мемлекеттік корпорация арқылы - 25 жұмыс күні.

Білім туралы жария етілмеген және апостильденбеген құжаттарды тану: портал арқылы - 35 жұмыс күні, Мемлекеттік корпорация арқылы - 45 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: білім туралы құжаттарды тану туралы куәлік, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке тұлғалар.


Құны: орта білім туралы құжаттарды тану - 6 АЕК, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану - 8 АЕК.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 6 респондентті қамтыды. Оның ішінде 33,3% - ерлер және 66,7% - әйелдер. Респонденттер арасында көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары 18-29 жас (50,0%) және 30-39 (33,3%) жастағы азаматтар.

33-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок




Өтініш білдіргендердің жалпы санының 100% - жеке тұлғалар болып табылады. Қызметті алған көрсетілетін қызметті алушылардың шамамен бірдей саны ХҚҚО-ға және «Электрондық үкімет» порталына жүгінді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде электрондық және қағаз түрінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін, қызмет көрсету тәсілдерін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **85,1% және бағалаудың орташа мәні 4,84 ұпайды** құрады.

34-диаграмма. Қағаз және электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (орташа ұпай және % бөлінісінде)



60- кесте. Ұпайларды бөлу (Электронды нысанда)

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ БЫҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,33	33,3%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,67	66,7%
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,67	66,7%
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	4,67	66,7%
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,67	66,7%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,67	66,7%
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,67	66,7%
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	4,67	66,7%
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,67	66,7%
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	5,00	100,0%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,67	66,7%
		4,75	75,0%

	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,67		66,7%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,67		66,7%	
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,67	4,67	66,7%	66,7%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы				
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы	4.67	4,75	66.7%	75,0%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4.33		33.3%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	5,00		100,0%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,67	4,67	66,7%	66,7%
ОРТАША ҰПАЙ			4,68		70,1%
Уәкілетті мемлекеттік орган			4,81		81,0%
«Электрондық үкімет» порталы			4,56		59,2%

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторландырудың қолжетімділігі мен ыңғайлылығын, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар кілттің ЭЦҚ пайдалануын қанағаттану деңгейі 70,2% болған кезде 4,58 ұпайға бағалады.

Порталда берілген ақпарат мүмкін болатын 5 балдан 4,67 балға бағаланды, ал қанағаттану деңгейі 66,7% құрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімі 4,75 ұпайға бағаланды және қанағаттану деңгейі 75,0% тең.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 4,67 ұпайға бағаланып, қанағаттану деңгейі 66,7% құрады. Өз кезегінде респонденттер тарапынан қызмет көрсету мерзімін қысқарту туралы ұсыныс айтылды (Астана қ.).

Мемлекеттік қызметті алуға арналған шығындар 4,75 ұпайға бағаланды және қанағаттану деңгейі 75,0% тең.

Сонымен қатар респонденттер қызметті алу нәтижесін 4,67 ұпайға бағалады және қанағаттану деңгейі 66,7% тең.

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді, нәтижесінде мынадай мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 81,0%, орташа ұпай - 4,81 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 59,2%, орташа ұпай - 4,56 ұпай.

Бағалау өлшемдері	Қағаз нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Құзыретті, ақпаратты меңгерген қызметкерлер	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Қызметкерлер жылдам әрекет етеді	5,00		100,0%	
	Қызметкерлер сыпайы және менің қажеттіліктеріме мұқият қарайды	5,00		100,0%	
ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Ыңғайлы жұмыс уақыты	5,00		100,0%	
	Көлік тұрағына орындары жеткілікті	5,00		100,0%	
	Ғимаратқа кіру оңай әрі қолжетімді болды (мысалы, ғимаратқа физикалық кіруге және оған кіруге ешқандай кедергі болған жоқ)	5,00		100,0%	
	Ыңғайлы болатын қажетті күту аймақтары болды	5,00		100,0%	
	Қызмет әділ және тең негізде ұсынылды	5,00		100,0%	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	Менде мемлекеттік қызмет туралы ақпаратқа әртүрлі тәсілдермен қол жеткізу мүмкіндігі болды (мысалы, сайтта, call-орталықта)	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Қажетті қызметкерлерді, кабинеттерді табу оңай болды	5,00		100,0%	
	Ғимаратта түсінікті және пайдалы барлық қажетті белгілер болды	5,00		100,0%	
	Мен қызметті алу бойынша қадамдық нұсқаулықты (ақпарат, кеңес) алдым	5,00		100,0%	
	Менде қазақ және орыс тілдерін таңдау мүмкіндігі болды (құжаттарды толтыру, қарым-қатынас жасау үшін)	5,00		100,0%	
	Нысандар мен бланкілерді, басқа құжаттарды түсіну оңай болды	5,00		100,0%	
	Қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпарат берді	5,00		100,0%	
	Құжаттарды жинау және тапсыру тәртібі қарапайым және түсінікті	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Қарастыру процедурасы оңтайлы, қарапайым және түсінікті	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Нәтижені беру рәсімі ыңғайлы, қарапайым және түсінікті	5,00		100,0%	
	Нәтижені беру рәсімі ыңғайлы, қарапайым және түсінікті	5,00		100,0%	

МЕРЗІМДЕР	Қызметті алу үшін қажетті мерзім қолайлы	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Күту уақыты, қызмет көрсету орнындағы кезектер қолайлы	5,00		100,0%	
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы	5,00	5,00		100,0%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	5,00			
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	5,00		100,0%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымына жауап алдым				
	Шағымдану бойынша қабылданған шаралар мені толығымен қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	5,00	5,00	100,0%	100,0%
ОРТАША ҰПАЙ			5,00		100,0%
Жергілікті атқарушы органдар			5,00		100,0%
Уәкілетті мемлекеттік орган			5,00		100,0%

«Қызметкерлер» өлшемі бойынша қызметті қағаз түрінде алған кезде көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің жұмысын бағалаудың орташа балы 5,00 ұпайды және қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

Осы қызмет бойынша **қолжетімділік пен ыңғайлылық** 5,00 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 100,0% құрайды.

«**Ақпарат және байланыс**» өлшемі бойынша қызметті респонденттер 5,00 ұпаймен бағалады, бұл ретте қызметке қанағаттанудың орташа деңгейі 100,0% құрады.

Қызмет көрсету **рәсімі** 5,00 ұпайға бағаланды, бұл ретте респонденттердің осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

«**Мерзімдер**» өлшемі бойынша орташа баға 5,00 балды, қанағаттану – 100,0% құрады.

«**Шығындар**» өлшемі 5,00 ұпайға және қанағаттану деңгейі 100,0% бағаланды.

«**Кері байланыс**» өлшемі жоғары ұпай алды, онда орташа ұпай 5 ұпайды және қанағаттану деңгейі 100,0%, сондай-ақ «**нәтиже**» өлшемі де орташа ұпай 5 ұпайды және қанағаттану деңгейі 100,0% алды.

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 100,0%, орташа ұпай - 5,00 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі 100,0%, орташа ұпай - 5,00 ұпай.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Көрсетілетін қызметті алушылардың сауалнамасының нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға** мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру

үшін төмендегі шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Білім беру ұйымдарының бекітілген тізбесімен білім туралы құжаттарды тану мәселелері бойынша халықаралық шарттар (келісімдер) болған кезде білім туралы құжаттарды тану рәсімін автоматтандыру есебінен қызмет көрсету мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру. Бүгінгі күні рәсімді көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 8 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
2. Діни білім туралы құжаттарды тану бойынша немесе халықаралық шарттар болмаған кезде білім туралы құжаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне сараптамалық бағалау жолымен тану рәсімін регламенттеу (сараптамалық бағалауды жүргізуге жұмсалатын уақыттың ең көп мөлшері, сараптамалық бағалаудың нысаны мен саны).

«Электрондық үкімет» порталына:

1. Сайттың техникалық параметрлерін пысықтау, әрбір көрсетілетін қызметті алушыны пайдалану алгоритмдерін жеңілдету, порталдың мобильді қосымшасының жұмысын жақсарту.
2. Қызметті алудың бизнес-процесінің сипаттамасы бар порталда қызмет туралы ақпаратты іздеудің ыңғайлылығын арттыру.
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.27. Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1101004 Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Көлік министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған)

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 1 жұмыс күні

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: арнайы рұқсат немесе бас тарту туралы дәлелді жауап

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке және заңды тұлғалар.


Құны: «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабының 3-тармағында белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 297 респондентті қамтыды. Оның ішінде 87,5% - ерлер және 12,5% - әйелдер. Респонденттер арасында көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары 30-39 жас (40,7%) және 40-49 (40,7%) жастағы азаматтар.

34-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Өтініш білдіргендердің жалпы санының 69,4% - заңды тұлғалар, 30,6% - жеке тұлғалар болып табылады. Қызметті алған көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі «Электрондық үкімет» порталына жүгінді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері мынадай мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (мемлекеттік органдар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет», «Электрондық лицензиялау» порталдары) **78,7% және бағалаудың орташа мәні 4,74 ұпайды** құрады.

62-кесте. Ұпайларды бөлу.

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ БЫҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,70	4,76	71,6%	77,0%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,82		83,1%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,76		77,3%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	4,74		75,9%	
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,75	4,73	76,7%	75,6%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,77		78,7%	
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,67		72,5%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	4,70		74,0%	
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,74		76,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	4,76	4,72	77,7%	83,1%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,72		75,3%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,72		75,9%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,69		73,2%	
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,69	4,69	73,0%	73,0%

ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы	4,68	4,73	75,8%	81,9%
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы	4,71		77,6%	
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы	4,77		81,3%	
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы	4,71	4,72	74,6%	75,3%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,68		73,6%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,75		76,5%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,75		76,5%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,82	4,82	85,0%	85,0%
ОРТАША ҰПАЙ			4,74		78,7%
Уәкілетті мемлекеттік орган			4,74		76,6%
«Электрондық үкімет» порталы			4,72		76,8%

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторландырудың қолжетімділігі мен ыңғайлылығын, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар ЭЦҚ кілттің пайдалануын 4,76 ұпайға бағалады, бұл ретте қанағаттану деңгейі 77% - құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың негізгі проблемалары қызметтің қолжетімділігіне қатысты болды, атап айтқанда: «ЭЦҚ алу қиын болды» (Алматы қ.), «Техникалық ақаулар жиі болды» (Солтүстік Қазақстан облысы), «Қажетті құжаттарды жүктеу қиындықтары» (Қызылорда, Алматы, Павлодар, Ақмола облыстары, Алматы қ.).

Порталда берілген ақпарат мүмкін болатын 5 балдан 4,73 балға бағаланды, қанағаттану деңгейі 75,6% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың алдында тұрған негізгі проблемалар: «Ақпаратты іздеу қиын» (Маңғыстау облысы), «Қызмет туралы, порталда қызмет алуға қойылатын талаптар туралы ақпаратты іздеудің қиындығы» (Алматы облысы).

Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімі 4,72 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 83,1% құрады. Респонденттер атап өткен негізгі проблемалар: «Қажетті құжаттарды жүктеудің күрделілігі» (Ақмола, Қызылорда, Алматы, Павлодар облыстары, Алматы қ.).

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 4,69 ұпайға бағаланды, бұл ретте қанағаттану деңгейі 73% құрады. Мәселелердің ішінде «Ұзағынан күттірді, жұмыс өте нашар» (Алматы облысы), «Қызмет ұзақ мерзімде көрсетіледі» (Ақмола, Қостанай, Алматы, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы қ.), «Мен жай ғана ашуландым, өтінімнің жауабын 3 күн күттім» (Алматы облысы), «Көрсетілген қызметтер ұсталды» (Ақмола облысы) деген пікірлер болды.

Виртуалды көмекшінің жұмысын көрсетілетін қызметті алушылар 4,73 ұпайға бағалады, осы өлшем бойынша респонденттердің қанағаттану деңгейі 81,9% құрады.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған шығындар қанағаттану деңгейі 75,3% болған кезде 4,72 ұпайға бағаланды.

Сонымен қатар сұралған көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі алынған қызметтің **нәтижесін** оң бағалады – 85% (4,82 ұпай).

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді, нәтижесінде мынадай мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 78,7%, орташа ұпай - 4,74 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 76,8%, орташа ұпай - 4,72 ұпай.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Төмен бағалау мәндері көрсетілетін қызметті алушылардың қызметті алу мерзімдеріне және қызметті алушылар көрсетілетін қызметті алуға ақы төлеу үшін көтеретін шығындарға қанағаттанбауына байланысты болады.

Осыған байланысты көрсетілетін қызметті алушылардан алынған сауалнама нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға** және **«электрондық үкімет»** порталына Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мынадай шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Қызметті алу алгоритмі туралы ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қызметті алу үшін бейне нұсқаулықтарды қарау мүмкіндігін жасау;
2. Құжаттарды жүктеу рәсімін жеңілдету, техникалық ақауларды уақтылы жою;
3. Портал мен мобильді қосымшалардың жұмысын жақсарту

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1. Қызмет көрсету мерзімін 5 сағатқа дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру;
2. Қызметтер үшін төлемді азайту;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.28 Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 501008 Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі/ Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 2 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жылжымалы құрамды тіркеу туралы куәлік, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке тұлғалар.


Құны; 0,25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК).

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде келесі қорытындылар алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 110 респондентті қамтыды. Оның ішінде 87,5% - ы ер және 12,5% - ы әйел. Көрсетілетін қызметті алушылардың неғұрлым маңызды жас топтары - 30-39 (40,7%) және 40-49 жас (40,7%).

35-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок.



Көрсетілетін қызметті алған респонденттердің жалпы санының басым көпшілігі жеке тұлғалар. Барлық көрсетілетін қызметті алушылар Электрондық үкімет порталын пайдаланды (100,0%).

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **70,2%** және бағалаудың орташа мәні **4,69** балды құрады.

63-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі		
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҮЙГҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,78	81,3%		
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,74	78,5%		
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,73	77,6%		
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымын бағалау	4,71	75,7%		
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн - алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,72	76,6%		
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,72	76,6%		
	Порталда қызмет алу тәсілі бойынша ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,72	76,6%		
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қол жетімді	4,72	76,6%		
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,72	76,6%		
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару) өтті	4,73	77,6%		
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/сұралатын құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,73	77,6%		
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды порталға (онлайн платформа) жүктеу оңай болды	4,73	77,6%		
	Алынған құжатта (анықтама, сертификат және т. б.) қателер, кемшіліктер болған жоқ	4,69	74,8%		
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,70	4,70	75,7%	75,7%
ВИРТУАЛДЫ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы	4,60	4,58	73,3%	71,1%

КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауаптың толықтығы	4,60		73,3%	
	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауап беру жылдамдығы	4,53		66,7%	
ШЫҒЫНДАР	Шығын сомасы қолайлы	4,69	4,70	74,8%	75,6%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,71		76,6%	
	Қызметті алу үшін мен қосымша шығындар төлеген жоқпын	4,69		75,5%	
	Қызметті алу үшін мен ешқандай қосымша, бейресми шығындарды төлеген жоқпын	4,69		75,5%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Шағымға қысқа мерзімде жауап алдым				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттанды				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,71	4,71	77,9%	77,9%
	ОРТАША ҰПАЙ		4,69		75,6%
	Уәкілетті мемлекеттік орган		4,70		76,0%
	«Электрондық үкімет» порталы		4,70		76,0%

Көрсетілетін қызметті алушылар «электрондық үкімет» порталында тіркелудің, авторизациялаудың, сондай-ақ ЭЦҚ кілттерін пайдаланудың **қолжетімділігі** мен **ыңғайлылығын** 4,74 ұпай деңгейінде, 78,3% қанағаттану деңгейімен бағалады.

Туындаған мәселелердің ішінде, келесілері аталып өтілді: «Порталдан көбірек қайтарым болса» (Қарағанды облысы), «Көңіліміз өте толмады, қызмет көрсетілмеді» (Алматы қ.), «Өтінім жауабын алу үшін қиналды, түсінікті болған жоқ» (Маңғыстау облысы), «Портал өте баяу жұмыс істейді» (Жамбыл облысы), «Басында қиналдым, кейін бәрін түсіндім»

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 ұпайдан 4,72 ұпайға бағаланып, қанағаттану деңгейі 76,6% құрады. Респонденттердің қызметтерді алудағы проблемалары ретінде: «электрондық қызметті қайдан алуға болатындығы туралы ақпаратты іздеудің қиындығы» (Қызылорда облысы) айтылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,66 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 74,2% құрады. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет алу кезіндегі ең үлкен қиындықтар құжаттар топтамасын жинау процесінде, сондай-ақ құжаттарды онлайн режимінде тапсыру мүмкіндігінде туындады. «Порталды жүктеуге көп уақыт кетті, сапасыз қызмет» (Алматы қ.).

Мемлекеттік қызметтерді көрсету **мерзімі** 4,70 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 75,7% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі қызмет алу уақытының ұзақтығын атап өтті: «Біздің өтінімімізді өңдеу өте ұзақ және қиын болды, біз өте риза емеспіз» (Алматы қ.).

Виртуалды көмекшінің жұмысы 4,58 ұпайға бағаланды, осы өлшем бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың жалпы қанағаттану деңгейі - 71,1%. Респонденттер айтқан мәселелердің ішінде келесі мәселе атап өтілді: «кейде олар 1414 телефонына ұзақ уақыт жауап бермейді» (Алматы қ.).

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындар** 4,70 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 75,6% құрайды. Қызмет алушылардың ұсыныстарының ішінде: «Азырақ төлегім келеді» (Ақмола облысы) аталып өтті.

Бұл ретте респонденттер қызметті алу нәтижесін 4,71 ұпаймен бағалап, қанағаттану деңгейі 77,9% құрады.

Сондай-ақ, әдіснамаға сәйкес алынған бағалар қызмет көрсетушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган 4,70 ұпаймен бағаланды, қанағаттану деңгейі 76%.

«Электрондық үкімет» порталы 4,70 ұпаймен бағаланды, қанағаттану деңгейі 76%.

Сапалы зерттеу әдісі

Тереңдетілген сұхбат (2 қатысушы)

Бұл қызметті біз жылжымалы құрамды тіркеуді де, қайта тіркеуді де бірінші рет емес қолданамыз. Ең бастысы-барлық құжаттарды бірден дайындау, сканерлеу және деректерді порталға дұрыс салу. Осыдан кейін ЭЦҚ-ға қол қойып, нәтижесін күту керек. Ия, сіз деректерді енгізу кезінде қателесесіз, бірақ портал пернетақтаны анықтамаған кезде де, порталдағы тұрақты ақаулар да қызмет алуды қиындатады.

Екінші қатысушы: бұл қызмет бірінші рет рәсімделді, негізінде қиындықтар болмады, мұның бәрін портал арқылы беруге болады, жалғыз мәселе порталдың жұмысында және кейбір базада бізге бірінші рет рұқсат берілмеді, бірақ құжаттарды қайта тапсырған кезде олар бәрін бірден рәсімдеді!

Қорытындылар және ұсыныстар

Көрсетілетін қызметті алушыларға сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға** және **«электрондық үкімет» порталына** мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін келесі шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Қызмет көрсету мерзімін 1 күнге дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
2. Сайттың техникалық параметрлерін жақсарту, әрбір қызмет алушының пайдалану алгоритмдерін жеңілдету.
3. Қызмет және қызмет көрсету алгоритмі туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Қызметке ақы төлеу мөлшерін азайту.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.29 Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 903013 Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 374 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20907 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 5 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: заңды, жеке тұлғалар.

Құны: 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК).

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, қорытындысында келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 75 респондентті қамтыды. Оның ішінде 48% - ер және 52% - әйел. Респонденттер арасында көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары 30-39 жас (40,0%) және 40-49 жас (53,3%).

36-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Өтініш бергендердің жалпы санының 100% заңды тұлғалар. Қызмет бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің порталында алынды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жүргізілген жаппай сауалнама нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық қызмет көрсетушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **78,2%** және орташа рейтингі **4,75** ұпайды құрады.

64 кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі		
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҮЙГҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,68	74,7%		
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,72	78,7%		
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,76	80,0%		
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымын бағалау	4,75	77,3%		
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн - алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,79	81,3%		
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,79	82,7%		
	Порталда қызмет алу тәсілі бойынша ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,75	76,7%		
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қол жетімді	4,87	89,3%		
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,75	77,3%		
РӘСІМІ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару) өтті	4,83	86,7%		
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/сұралатын құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,81	81,3%		
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды порталға (онлайн платформа) жүктеу оңай болды	4,79	78,7%		
	Алынған құжатта (анықтама, сертификат және т. б.) қателер, кемшіліктер болған жоқ	4,80	82,7%		
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,73	4,73	76,0%	76,0%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы	4,71	73,3%		
	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауаптың толықтығы	4,65	72,0%		
	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауап беру жылдамдығы	4,79	78,7%		

ШЫҒЫНДАР	Шығын сомасы қолайлы	4,60	4,68	68,0%	72,7%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,69		73,3%	
	Қызметті алу үшін мен қосымша шығындар төлеген жоқпын	4,71		74,7%	
	Қызметті алу үшін мен ешқандай қосымша, бейресми шығындарды төлеген жоқпын	4,71		74,7%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Шағымға қысқа мерзімде жауап алдым				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттанды				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,83	4,83	82,7%	82,7%
ОРТАША ҰПАЙ			4,75		78,2%
Уәкілетті мемлекеттік орган			4,77		79,6%
«Электрондық үкімет» порталы			4,75		78,1%

Көрсетілетін қызметті алушылар «электрондық үкімет» порталында тіркелудің, авторизациялаудың, сондай-ақ ЭЦҚ кілттерін пайдаланудың **қолжетімділігі** мен **ыңғайлылығын** 4,73 ұпай деңгейінде, 77,7% қанағаттану деңгейімен бағалады.

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 ұпайдан 4,79 ұпайға бағаланып, қанағаттану деңгейі 81,5% құрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,81 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 82,3% құрады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету **мерзімі** 4,73 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 76% құрады.

Қызмет алушылар **виртуалды көмекшінің** жұмысын 5 ұпайдан 4,72 ұпаймен бағалады, бұл өлшем бойынша респонденттердің қанағаттану деңгейі 74,7% құрады. Кейбір респонденттер виртуалды көмекшіні пайдаланған кезде қиындықтарға тап болды, атап айтқанда ВК кейбір сұрақтарға жауап бере алмады.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындар** 4,68 ұпаймен бағаланып, қанағаттану деңгейі 72,7% құрады. Сондай-ақ қызметтерге ақы төлеу мөлшерін азайту немесе өзіндік құны төмен тауарлардың жекелеген түрлерін сорттау және олар үшін төлемді азайтуды көздейтін ұсыныстар да айтылды.

Бұл ретте респонденттер қызметті алу **нәтижесін** 4,83 ұпаймен бағалады, қанағаттану деңгейі 82,7% құрады.

Сондай-ақ, әдіснамаға сәйкес алынған бағалар қызмет көрсетушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлінді, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган 4,77 ұпаймен бағаланды, қанағаттану деңгейі 79,6%.

«Электрондық үкімет» порталы 4,75 ұпаймен бағаланды, қанағаттану деңгейі 78,1%.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Көрсетілетін қызметті алушыларға сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға және «электрондық үкімет» порталына** мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін келесі шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Виртуалды көмекшінің жұмыс алгоритмдерін жетілдіру, 1414 нөміріне қоңырау шалу негізінде жауаптар базасын кеңейту.

Қаржы министрлігі:

1. Импортталатын тауарлардың құны мен түрлеріне байланысты қызметтерге ақы төлеу градациясын әзірлеу.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.30 Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет атауы: 1402001 Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты беру.

Жауапты мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Өлшем құралдарының типін бекіту, оларға типін бекіту мақсаттарына арналған сынақтар, метрологиялық аттестаттау және «Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру» және «Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру» мемлекеттік қызметтер көрсету, өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат нысанын және типті бекіту белгісінің нысанын белгілеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 931 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18110 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің порталы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 1 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: заңды, жеке тұлғалар.

Құны: тегін

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, қорытындысында келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 28 респондентті қамтыды. Оның ішінде 57,1% - ер және 42,9% - әйел. Респонденттер арасында көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары 30-39 жас (39,3%) және 40-49 жас (50%).

37-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Өтініш бергендердің жалпы санының 100% заңды тұлғалар. Қызмет бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің порталында алынды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жүргізілген жаппай сауалнама нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық қызмет көрсетушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **82,7%** және бағалаудың **орташа мәні 4,82** ұпайды құрады.

65-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҮЙІҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,79	78,6%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,71	75,0%
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,75	78,6%
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымын бағалау	4,82	82,1%
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн - алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,64	71,4%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,71	75,0%
	Порталда қызмет алу тәсілі бойынша ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,68	71,4%
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қол жетімді	4,82	82,1%
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,75	75,0%
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару) өтті	4,82	82,1%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/сұралатын құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,86	85,7%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды порталға (онлайн платформа) жүктеу оңай болды	4,82	82,1%
	Алынған құжатта (анықтама, сертификат және т. б.) қателер, кемшіліктер болған жоқ	4,82	85,7%

МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,89	4,89	89,3%	89,3%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы	4,79	4,75	78,6%	77,4%
	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауаптың толықтығы	4,75		75,0%	
	Виртуалды көмекшінің сұрауына жауап беру жылдамдығы	4,71		78,6%	
ШЫҒЫНДАР	Шығын сомасы қолайлы		4,93		92,9%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды				
	Қызметті алу үшін мен қосымша шығындар төлеген жоқпын	4,93		92,9%	
	Қызметті алу үшін мен ешқандай қосымша, бейресми шығындарды төлеген жоқпын	4,93		92,9%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Шағымға қысқа мерзімде жауап алдым				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттанды				
